**Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті**

# *Сын туралы әлемдік эстетикалық ойдың тұжырымы*

*Ақтөбе-2017*

## Жоспар

1. Көне түрік жұртында туған әдеби-мәдени жырлар
2. Сын туралы әлемдік эстетикалық ойдың тұжырымы
3. Халықтық эстетика

*Әдеби сынның теориялық мәселесі –орыс әдебиетінің сыншылары :Тредиаковский,В.А.Жуковский, Н.А.Добролюбов, Д.И.Писарев, А.В.Луначарский зерттеді.Сынның теориялық жағын зерртеу 70-жылдарда Б.Бурсов, Ю.Борев,М.Г.Долговтың,В.М. Литвиновтің зерттеу объектісіне айналды.Сынды ғылыми тұрғыдан алып зерттеу А.Гацфельдт, Е. Мустангова, А.П.Гроссман, К.Кожинов, Л.Якименко, В. Иванов, В.Сахаров еңбектерінде орын алып, ғалымдар* ***әдеби сынды көркем әдебиет саласы*** *деп қарастырды. Осының бәрі әлемдік эстетикалық ойдың тууына себепкер болды. Мысалы:*



Т.Кәкішев «сынның жазба әдебиетке тән жанр екендігі теориялық тұрғыдан анық тұжырымдалған шындық.



Қирабаев С. «Сынның әдебиет жанрларының бірі екені, ал сыншының жазушы екені әдетте еш дау тұрғызбайды».



Сын- ғылым, әдебиетану саласының бір саласы деушілер- А. С.Пушкин



Қ.Жұмалиев :«Сын-ғылым. Сын- әдебиет пен өнер туындыларындағы сұлулық пен кемшілікті ашып отыратын ғылым».

*Көркем әдебиет пен сынды бөлуге болмайды.Бірінсіз бірі жоқ. Сын көркем әдебиет емес.Мақсаты бөлек:әдебиеттің нысанасы-өмір, басты мұраты-өмір құбылыстарын көркемдікпен бейнелеу, осы мақсатқа көркемдік тәсілді қолдану арқылы жетеді.Сын нысанасы-әдебиет,сол арқылы өмірді зерттейді,Сын мақсаты-бүгінгі күн әдебиетінде , әдеби процесте болып жатқан жаңа өзгерістерді уақытында талдау,.Сыншы бұл міндетті орындау үшін аналитикалық талдау әдісін қолданады.Көркем әдебиетте нысана өмір болса, сында-әдебиет.Тәсіл -әдебиетте – көркемдік жинақтау,сында –аналитикалық талдау.Бұл екеуінің екі бөлек екенін көрсетеді.Ұқсастығы:екеуінің (сын, әдебиеттану)де зерттейтін нысанасы-әдебиет. Әдебиет-сынның , сосын барып ғылыми зерттеулердің объектісі,сын аяқталғанда ғылым басталады.Сын алғаш әдебиет туралы пікір білдіріп, жаңалық пен олқылықты барлап, ғылымға шикізат жинайды.Сын көркем әдебиетке бағыт-бағадар беріп, жол салдаы.Ол әдебиеттану ғылымыныа қажетті деректер , материалдар, пікірлер жинап, ғылымның іргетасын қалайды.*

Сынның сипаты :

ғылымилық (бүкіл қоғамдық ғылымдарға байланысты ,тіл білімі, тарих, этнография, философия, эстетика, этика, психология, педагогика, т.б.

Публицистикалық сипаты:табиғи қасиеті, сын баспасөзбен тығыз байланыста, дамуы да осыған байланысты. Баспасөз-сынның өмір сүру формасы, даму арнасы.Оның жанры- сынның жанры.Сын-әдебиет материалына негізделген публицистика

әлеуметтік сипаты: көркем әдебиеттегі әлеуметтік мәселелердің ауыр салмағын оқырмандарға жеткізіп, рухани игілікке айналдыруда сыншылардың міндеті күрделі әрі жауапты екндігін айқындаған

Эстетикалық сипаты Сын эстетикалық талдау арқылы жүреді. «Шығарманың эстетикалық қадір-қасиетінің дәрежесін анықтау сынның 1-ісі болу керек.Шығарма эстетикалық талдауды көтермесе, оны тарихи тұрғыдан сынаудың да қажеті жоқ»

# Сынның мақсаты

әдеби өмірде болып жатқан жаңалықтарды дер кезінде бағалап, оқырманға түсіндіру,көркем шығарманы талдау, бағалау.

Объектісі

Сыншы

Субъектісі

Шығарма+жазушы+ әдеби өмір

**әдіснамасы мен әдістері:**

дидактикалық материализм, қоғамдық ғылымдар, әдебиеттану әдістері

**мазмұны:**

әдеби процестің өзекті мәселесі;

құралдары:әдебиетану категориялары, терминдері

Өмір сүру
арнасы,
жанрлары

аннота
ция

рецен
зия

шолу

баспас
өз

макал
а

эпигра
мма

фелье
тон

# Қорытынды

*Қазақ әдебиетінің көркемдік мәселелерін танып –білуде әдеби сынның өзіндік орны бар. Қазір әдеби сынға қатысты біршама еңбектер бар.Бұнда сынның тарихы ғылыми тұрғыда сараланды, жеке қаламгерлердің сыншылық қызметтері зерттелді.Сынның ғылыми, идеялық, көркемдік дәрежесін зерттеу кезінде оның ұзақ жылғы бару барысында қалыптасқан өзіндік құрылымы, даму заңдылығы барын ұмытпау керек.*